

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАРЛАНЫ

## Жүлдегер курсант

Қымбат

ДОСЖАНОВА

Әлемдік жарыстарда егемен еліміздің көк байрағын желбіретіп, әнұранымызды шырқатып жүрген небір майталман спортшылар бар. Зор табыстары мен жақсы жетістіктерінің арқасында спорт санлақтарының қатарынан табылып, жеңіс тұғырынан көрініп жүрген жастардың бірі – Нұрбол Құрман. Ол ҚР ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 4-курс курсанты.

Нұрбол оңтүстік өңірдің тумасы. Дәлірек айтқанда, 1995 жылы қазіргі Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауылында туған. 2006 жылы Алматыға қоныс аударып, М.Әуезов ауданындағы №122 мектеп-гимназиясына қабылданады. 2013 жылы сол мектепті бітіріп, 2015 жылы Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына оқуға түскен. Нұрболдың спортқа деген ынтызарлығы, мінекей, осы сәттен бастап артады. Оңтүстікте туып, Қостанай жерінде шыңдалған жас спорттың самбо түрімен тұрақты айналыса бастайды. Оның спортқа деген қабілетін академияның оқытушысы, самбодан Қостанай облысының жаттықтырушысы, полиция подполковнигі Руслан Таңқыбаев алғаш аңғарып, курсантты спортқа тарта бастайды. Күнделікті жаттығулар мен білікті бапкердің кенесі



курсанттың шыңдалуына шапағатын тигізген-ау, сірә. Азғантай уақыттың ішінде Нұрбол бабына келіп, Қостанай облысының аумағындағы турнирлерде бағын сынай бастайды. Осылайша, көп бәйгелерде жүлде алып, академияның мақтанышына айналды. Баптаған шәкіртіне зор сенім артқан жаттықтырушы Руслан Таңқыбаев биылғы 29 маусым мен 2 шілде аралығында Астана қаласында өткен ҚР Президентінің жүлдесіне арналған жауынгерлік самбодан әлем чемпионатына Нұрболды алып барды. Әлемнің алпауыт елдерінен шыңдалған, шымыр спортшылар жиналған үлкен додаға Нұрболдың бірінші рет қатысуы еді. Өзіне және дайындығына сенген курсант "Тәуекел түбі – жел-

қайық, өтесін де шығасын" деп мықты қарсыластармен иық тіресіп, барын салды. Жартылай финалға жеткенде бәсекелесінен аздаған ұпай айырмасымен есе жіберіп, жүлделі 3-орынға ие болды. Мұның өзі жақсы нәтиже емес пе?! Нұрбол сияқты намысшыл спортшылардың арқасында ел құрамасы жалпыкомандалық есепте 2-орынға тұрақтаған еді. Ал бірінші орын Ресей құрамасының қанжығасында кетті. Үздік үштіктің тізімін Өзбекстан аяқтады.

– 2017 жылы Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанып, сол жылы спорт шебері атағын алдым. Бұл – менің өмірімдегі ең үлкен жетістік. Спортпен шұғылдана бастағаным көп уақыт болған жоқ. Менің спортқа деген қызығушылығымның оянуына себепкер болған Руслан Таңқыбаев ағамыз. Тікелей осы азаматтың қолдауымен жаттығып, жетістіктерге жетудемін. Академияны үздік аяқтап, еліме адал қызмет ету менің негізгі мақсатым. Осы мақсатқа жету жолында білімімді шыңдауға дайынмын, – деді Нұрбол.

Нұрболдың жеңісті күндері әлі алда. Біз оған сенеміз. Тәуелсіз еліміздің төл тумасы талай биіктікті бағындыруы тиіс! Курсанттың арманы да біздің ішкі ойымызбен үндесетін секілді.



## Қастерлі күнге құрмет

Қыдырбек  
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Қостанайдағы "Жайлаубай ата" мешіті бүгінгі таңда тек діни ғибадатхана ғана емес, жұртшылықты түрлі мәдени-рухани шараларға жинайтын бұқаралық орынға айналған. Мұнда елдің игі жақсыларының басын қосып, кейінгі жастарға үлгі боларлық айтулы жиындардың жиі өтуі құптарлық іс. Оған азаттығымызға қол жеткізген қастерлі айда қалалық мешіт пен Л.Толстой атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхананың ұжымы "Тәуелсіздік – ел тілегі, Елбасы – ел тірегі" атауымен бірлесе ұйымдастырған кеші дәлел.

Белгілі ақын, Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ профессоры Се-

тастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дида-рындағы ең мықты мемлекеттер танытындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашан айтып жүруге тиісіз. Тәуелсіздік мерекесін еліміздің барлық азаматтары орны айрықша қуаныш деп білу керек, – деді И.Естаев.

Кітапхананың бөлім меңгерушісі Айгүл Минасова бастаған қызметкерлер Тәуелсіздік және Елбасы жайында жарыққа шыққан кітап көрмесін ала келген екен.

– Осындай құнды материалдар қатарына Н.Ә.Назарбаевтың "Тәуелсіздік дәуірі" кітабының қосы-